

Қазақстан-ұлы даланың егеменді мемлекеті. Егемендік-мемлекеттің сыртқы және ішкі саясатының толыққанды тәуелсіз әрі ерікті болуы.Егемендік қазіргі күні мемлекеттік биліктің үстемдігі мен халықтың тәуелсіз өмір сүруінің негізінде анықталады.Менің ойымша, көзді ашып жұмғандай қысқа ғана уақыттың ішінде Қазақстан мемлекеті егеменді ел ретінде қалыптасып, халық игілігіне,тәуелсіздігіміздің тұрақтылығына орай бірнеше өзгерістер жасап та үлгерді десек қателеспейміз деп ойлаймын.Осы жолда егеменді елдің ауыз толтырып айтарлықтай қандай жетістігін айта алар едік? Біріншіден, халықаралық аренада Қазақстан Республикасы сыртқы саясатта да өзінің бейбіт өмірді, досықты сүйетін ел екендігін жариялады:

"...бейбітшілік сақтау Қазақстанның мемлекеттік саясатының басты мақсаты...",- деп Н.Ә.Назарбаев сыртқы және ішкі саясатта егемендікті сақтап, ел үшін практикалық маңызы бар барлық мемлекетпен егеменді достастықты сақтап қалуды жоспарлау жолында негізгі мақсат қоя білді. Мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық нығайған да ғана халықтың көңілі өз орынында болады.

Екіншіден, еліміздің тауелсіздігі мен егемендігі жолында басты рол атқарған елбасымыз-Н.Ә.Назарбаев қазақ халқының ғылым мен денсаулық және де басқа салаларда заманауи дамуына өз үлесін қосу мақсатында бірнеше төл еңбегін жариялағаны бәрімізге белгілі .Оған дәлел:"1992 жылдың өзінде "Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасу және даму стратегиясы" деген еңбегін жариялаған болатын",- деп БАҚ өкілдері жарыса жазғандығы бәрімізге аян.Бұл еңбек еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін сақтап қалу мақсатында тиімді деп танылып, егеменді мемлекеттің халқы ешнәрсеге алаңдамай ашық аспан астында өмір сүруі мақсатында өз жемісін берген болатын. Халықты егеменді елдің қарқынды дамуына бірден бір әсер ететін инновациялық стратегиялар екендігіне көз жеткізе білді.

Үшіншіден, Қазақстан осы егемендікті сақтай отырып, өзінің жаңа бір сатыда өрлеуінде бастап үлгерді."2010 жылы қаңтардың 29 күні елбасы Н.Ә.Назарбаев халқына "жаңа онжылдық- жаңа экономикалық орлеу- Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері"атты жолдауын егеменді елдің халқының ахуалын жақсарту мақсатында жария етті.Бұл егеменді Қазақстанның әлемдік өркениетте тәуелсіз мемлекет ретінде қолдана алатын жаңа бастамаларының бірі ретінде тарихта өз орны бар игілікті іс екендігі айқын көрініс тапты.

Қорытындылай келе, Қазақстан түркі елдерінің ішінде егемендігін қысқа мерзімде қалыптастырып, өзінің бейбіт сүйгіш мемлекет екенін ресми мәлімдеп, елбасымыздың жаса ған стратегиясымен көптеген жетістіктерге қол жеткізген кең байтақ жері бар ұлы даланың тәуелсіз мемлекеті.